Қосымша 1.1

**Ауыл шаруашылығы техникасының қозғалысы мен отын шығысының мониторингіне арналған жабдық жиынтығының техникалық сипаттамасы**

**(Лот 1)**

Жеткізілетін жабдық зауытта өндірілуі тиіс.
Өнім беруші жеткізілген жабдықтың әзірлеумен, пайдаланылған материалдармен немесе дайындау сапасымен байланысты не Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайларда пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес осы жабдықты пайдалану кезінде өнім берушінің іс-әрекеті немесе қателіктері нәтижесінде көрінетін ақаулары болмайтындығына кепілдік беруге тиіс.
Өнім беруші жабдықты жеткізуді жүзеге асыру кезінде барлық қажетті лицензиялар мен рұқсаттарды алуға жауапты болады.
Жеткізілетін жабдықтың осы техникалық сипаттамаларына қойылатын талаптарда көрсетілгендей сандық және сапалық көрсеткіштері болуы тиіс.
Жабдық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен өндіруші фирма жеткізетін басқа да құжаттамаларды қамтитын орыс және/немесе қазақ тіліндегі және ағылшын тілдеріндегі құжаттамалар жиынтығымен қамтамасыз етілуі тиіс.
Жабдықтың конструкциясымен, материалдарымен немесе жұмысымен байланысты не өндіруші көрсеткен пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес түпкілікті тағайындалған ел үшін әдеттегі жағдайларда жеткізілген жабдықты пайдалану кезінде өндірушінің іс-әрекеті немесе олқылығы нәтижесінде көрінетін ақаулары болмауға тиіс.
Жабдықты жеткізу шеңберінде Өнім беруші мынадай ілеспе жұмыстар мен қызметтерді ұсынуы тиіс:
-Тапсырыс берушінің кемінде 3 қызметкерін жабдықпен жұмыс істеуге оқыту.
-Тапсырыс беруші көрсеткен аумақта жабдықтарды монтаждау, іске қосу-баптау және сынақтар жүргізу (Березовка ауылы, ШҚО Глубокое ауданы және Девятка ауылы, Абай облысы, Бородулиха ауданы).
Жеткізілген жабдыққа кепілдік Жабдықты пайдалануға беру туралы акт ресімделген күннен бастап беріледі және кемінде 3 жылды құрайды.

| **Техникалық сипаттамасы** |
|---|
| **Жабдық жиынтығы** (Смарт 24 33 типті терминалдар және Эскорт ТД BLE типті отын деңгейінің датчиктері) 13 бірлік техниканың мониторингін қамтамасыз етуге кепілдік беруі тиіс - маршрут, жүріс, жылдамдық, орналасқан жері, аялдамаларды, тұрақтарды, мотосағаттарды, отын шығынын, қалдық пен төгінділерді тіркеу.<br>**Техника тізімі:**<br>К 739 - 1 бірл., К 701 – 1 бірл., МТЗ – 3 бірл., Комбайн "Вектор 410" - 2 бірл., Камаз – 3 бірл., Буллер (Ростсельмаш 2375) – 1 бірл., УАЗ (таблетка) – 2 бірл.<br>Ауыл шаруашылығы техникасының қозғалысы мен отын шығынының мониторингіне арналған жабдық жиынтығы терминалдарды (13 дана), отын деңгейінің датчиктерін (13 дана) және сервистің жылдық активациясын: Wialon Online бойынша Хостинг, Қазақстан бойынша GPRS трафикті, техникалық қолдауды, ақаулардың мониторингін қамтиды. |

**Басқарма төрағасы – ректор** **Рахметуллина С.Ж.**

**ҒИБжЦ жөніндегі проректор** **Денисова Н. Ф.**

**Бағдарлама жетекшісі** **Шаймарданов Ж.К.**

**ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған күннен 30 күнтізбелік күн.